

## **"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының бюджеттік борыштары бойынша есептеу жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1751

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдардың "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы көрсеткен байланыс қызметі үшін пайда болған берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп республикалық бюджет пен заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы бойынша жалпы сомасы 466520 мың (төрт жүз алпыс алты миллион бес жүз жиырма мың) теңге берешегі бар "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясы арасында берешекке есептеу жүргізісін.

Аталған соманы көрсетілген байланыс қызметі үшін пайда болған берешекті өтеуге республикалық бюджеттік ұйымдарды қаржыландырудың есебіне, қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес есептесін.

2. Есептеу аталған сомаларды 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1751 қаулысына  
қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және көрсетілген байланыс қызметі үшін "Қазақтелеком" ҰАК алдында есептеуге қабылданатын берешегі бар министрліктер мен ведомстволардың

**ТІЗБЕСІ**

мың теңге

| атауы                                                                                                                                  | сома   |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|--|
| Қорғаныс министрлігі                                                                                                                   | 79838  |  |
| Ұлттық қауіпсіздік комитеті                                                                                                            | 17814  |  |
| Мемлекеттік тергеу комитеті                                                                                                            | 30543  |  |
| Ішкі істер министрлігі                                                                                                                 | 78915  |  |
| Ішкі әскерлер Қолбасшысының бас<br>басқармасы                                                                                          | 3343   |  |
| Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі<br>мемлекеттік комитет                                                                             | 9627   |  |
| Президенттің Күзет қызметі                                                                                                             | 60740  |  |
| Гидрометеорология жөніндегі бас<br>басқарма                                                                                            | 12359  |  |
| Көлік және коммуникациялар министрлігі<br>(азаматтардың жекелеген санаттарына<br>байланыс қызметі жағынан жеңілдіктер<br>беру бойынша) | 173341 |  |
| Жиыны                                                                                                                                  | 466520 |  |